

**XX ҒАСЫРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН САММИТТЕР:  
ТАРИХИ-САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ  
(1945 жылғы Ялта және 1978 жылғы Кэмп-Дэвид саммиттері бойынша)**

**Барлықбаева Мәдина Асылтайқызы**

[mbarlykbaeva@gmail.com](mailto:mbarlykbaeva@gmail.com)

Шығыстану кафедрасының 2 курс студенті,  
Халықаралық қатынастар факультеті,  
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – Ильясова К.М.

Әлем халқының 80%-ын қамтыған 61 мемлекет қатысқан екінші дүние жүзілік соғысты тоқтатқан 1945 жылғы Ялта конференциясы және соғыстан кейінгі Таяу Шығыста қалыптасқан геосаяси жағдайға байланысты ушыққан Египет пен Израиль арасындағы соғысты тоқтатқан 1978 жылғы Кэмп-Дэвид келісімі туралы арнайы зерттеулер жоқ емес. Алайда, бұл келісімдерге түрткі болған оқиғалар, оған қатысқан державалардың басшылары және олардың сыртқы саяси ұстанымдары, жалпы келісімдердің барысы, нәтижелері мен олардың салдары туралы мәселелер бүгінде өзектілігін жойған жоқ. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, XX ғасырдың екінші жартысында өткен Ялта және Кэмп-Дэвид саммиттеріне тарихи-салыстырмалы талдау жасау арқылы олардың қазіргі кезеңдегі салдарын анықтау да маңызды деп есептейміз.

1945 және 1978 жылы өткен Ялта мен Кэмп-Дэвид саммиттері туралы салыстырмалы эссе ағылшын тарихшысы Дэвид Рейнолдстың «20-шы ғасырды қалыптастырған алты саммит» атты кітаптағы аталған екі саммит жөнінде жазылды. Рейнолдстың еңбегі туралы Lincoln Journal Star журналы «Бұл халықаралық саммиттің қиындықтары мен мүмкіндіктерін терең түсіну және бағалау үшін қажет кітап» -деп сипаттама қалдырады [1].

XX ғасырды қалыптастырған алты саммит» кітабы тек XX ғасырдағы оқиғалардың нәтижесін ғана көрсетіп қоймайды, оның салдарларын бүгінгі саясаттан, қалыптасқан жаңа дәуірден де байқалады. Әсіресе біздің қозғайтын екі саммитіміз де күні бүгінге дейін шешілмеген мәселелердің түп тамырын нақ көрсетіп береді деп ойлаймын. Бұл салыстырмалы эссе түпнұсқадан сөзбе-сөз көшірілмеді, бірақ оқиғалардың барлығы саммиттегі берілген рет бойынша жазылғанымен де, зерттеу жұмысы барысында салыстырмалы талдау жасалды.

1945 жылдың 4-11 ақпанында Ливадий сарайында, Қырымда өткен **Ялта саммиті** (қазір де-юре-Украина, де-факто-Ресей Федерациясы) — бұл екінші дүниежүзілік соғыс елдері үкімет басшылары Франклин Делано Рузвельт —АҚШ президенті, Уинстон Черчилль - Ұлыбритания премьер-министрі, Иосиф Сталин - КСРО төрағасы арасында өткен конференция. Бұл жетекші антигитлерлік коалицияның көшбасшыларымен үш кездесудің бірі болды. Соғыстан кейінгі әлемдік тәртіптің негізі қаланды. Сондай-ақ, бұл саммиттің Черчилль ұсынған Аргонавт атты кодтық атауы бар.

Егер саммитті өткізуге түрткі болған жағдай туралы айтатын болсақ, онда 1939 жылдың 1 қыркүйегінде Гитлердің Польшаға шабуыл жасауы саммитті өткізудің тікелей факторы болды. Черчилль 1941 жылдың 22 маусымында КСРО-ны қолдайтындығы туралы ашық мәлімдеді. АҚШ президенті Рузвельт те осы жағдай туралы сөз сөйлеп, қолдайтындығын білдіреді. 1941 жылдың 27 маусымында Мәскеуге британдық әскери-экономикалық миссионерлер келді.

12 шілдеде Мәскеуде Германияға қарсы соғыста бірлескен әрекеттер туралы кеңес-британдық келісімге қол қойылды. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Ялтаға дейін Тегеран, Касабланка, Сан-Франциско (1944) сияқты басқа да саммиттер өткізілді және олар осы

конференцияның негізін қалады деуге болмайды. 1945 жыл жеңіске қандай державалардың көп мүмкіндігі бар екенін көрсетті және үлкен үштік деп аталатын мемлекет басшыларына елдердің болашағы мен халықаралық мәселелерді шешу үшін шұғыл саммит қажет болды.

Ялта конференциясы: соғыстан кейінгі әділ әлем тәртібін құру; БҰҰ-н құру; халықтардың геноцидін деколонизациялау және алдын алу; өз елдері мен одақтастарының сенімді қауіпсіздігін қамтамасыз ету; Еуропаны соғыстан кейінгі ұйымдастыру және Германияның тағдыры; Жапонияға қарсы әскери операциялар; нацистік басшылықты қудалау сияқты тақырыптар бойынша талқылау және шешім қабылдауды қамтыды. Алғашқы үш мәселе өте маңызды болды, қалғандарының барлығы екінші жоспар болып саналды. Рузвельт, атап айтқанда, Сталиннің Қытайға қатысты өз позициясын өзгерткеніне риза болды, ол Аспан асты елі төртінші "халықаралық полиция қызметкері" бола алады деп есептеді [2].

Кеңес үкіметі Германиядан гитлерлік агрессиясының одақ елдеріне 20 миллиард доллар көлемінде келтірілген залалды өтеуді талап етті (оны атақты советтік дипломат Молотов ұсынды). Қырым конференциясында Еуропаны босату туралы Декларация мақұлданды. Одақтық державалар босатылған Еуропа елдеріне қатысты олардың саясатының жалпы қағидаты халықтарға "нацизм мен фашизмнің соңғы іздерін жоюға және өзінің таңдауы бойынша Демократиялық институттар құруға" мүмкіндік беретін тәртіпті орнату екендігін мәлімдеген. "Поляк мәселесі" конференцияда ең күрделі пікірталастардың бірі болды. Польшаның шығыс және батыс шекарасы туралы, сондай-ақ болашақ поляк үкіметінің құрамы туралы мәселені шешу туралы болжам жасалды. КСРО 1920 жылы белгіленген Керзон сызығы бойынша Польшаның батыс шекарасын өз қарауына алды. Үш одақтық державалардың көшбасшылары халықаралық қауіпсіздік ұйымының Жарғысын дайындау мақсатында Біріккен Ұлттар Ұйымының Сан-Франциско конференциясын шақыруға уағдаласты. Конференцияға 1942 жылдың 1 қаңтарында БҰҰ декларациясына қол қойған елдерді және 1945 жылдың 1 наурызына дейін ортақ жауға соғысты жариялаған елдерді шақыруға болжам жасалды.

Конференция қорытындысы бойынша мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастардың негіздерін қалайтын еркін Еуропа декларациясы, халықаралық Біріккен Ұлттар Ұйымын құрудың негізгі қағидаттары туралы құжаттар сияқты маңызды халықаралық-құқықтық құжаттар бекітілді. Бірақ осы конференциядан кейін қырғи-қабақ соғыстың алғашқы белгілері пайда болды [3].

**Кэмп-Дэвид келісімдері** - Египет және Израиль арасындағы келісімдер. 5 қыркүйекте 1978 жылдың 5 қыркүйегінен 17 қыркүйегіне дейін Кэмп-Дэвидте (Мэриленд штаты, АҚШ) өткізілген және соңғы күні Египет президенті А. Садатпен және Израиль премьер-министрі М. Бегинмен өткізілген саммитте АҚШ президенті Дж.Э. Картер куәгер ретінде сөз сөйледі. 1940-жылдардың соңынан (1948 жылғы араб-израиль соғысы, 1956 жылғы соғыс, 1973 жылғы алты күндік соғыс және Йом Кипур соғысы сияқты араб-израиль соғыстары) сақталған Египет мен Израиль арасындағы соғыстың жай-күйі ресми түрде анықталып, аяқталды.

Келісім негізгі екі құжатты қамтиды: "Таяу Шығыстағы Бейбітшілік шеңбері" және "Египет пен Израиль арасында келісім". Қол жеткізілген келісімдер палестиналықтардың батыс жағалауында және Газа секторында осы аудандарға Израиль юрисдикциясын сақтай отырып, палестиналықтардың шектеулі өзін-өзі басқаруын және БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 242 және 338 қарарлары негізінде Палестина проблемасын түпкілікті реттеу жөніндегі келіссөздер аяқталғанға дейін 5 жылдық өтпелі кезеңді белгілеуді көздейді. Мысыр мен Израиль 3 ай бойы олардың арасындағы соғыс жағдайын тоқтату туралы келісімді дайындауға уағдаласты. Израиль 3 жыл бойы өз әскерлерін Синай түбегінен 1967 жылғы шекараларға шығаруға дайын екенін білдірді (әскерлерді және израильдік қоныстарды Синай түбегінен шығару 1982 жылдың сәуірінде аяқталды) [4].

Таяу Шығыстағы қақтығыс бірнеше ондаған жылдар бойы Палестинаның ежелгі жерінде тәуелсіз еврей мемлекетінің құрылуынан пайда болды. БҰҰ-ның Палестинаны араб және еврей мемлекеттеріне бөлу жөніндегі жоспары да іске асырылған жоқ. 1948 жылы Израиль Мемлекеті жариялағаннан кейін араб әлемі елдері мен оның арасындағы соғыстар сериясы басталды. Израильдіктер АҚШ-тың қолдауына сүйене отырып, осы соғыстарда өмір сүру құқығын сақтап қана қоймай, әскери көршілердің басып алған жерлері есебінен аумақты кеңейте алды.

1977 жылдың қарашасында тарихи оқиға болды - Египет президенті Анвар Садат Израильмен бейбіт келісім шарттың ықтимал шарттарын талқылау үшін Иерусалимге келді. Бұл сапар Египетке қымбатқа түсті. Араб әлеміндегі оның жағдайы бұзылды және беделі түсті, өйткені арабтар келіссөздерді Израильдің құрылуынан кейін өз аумақтарынан қуылған палестиналықтарға деген Египеттің сатқындығы ретінде бағалады.

Кэмп-Дэвидтің келісімінің алдындағы жылдар ішінде Египет пен Израиль арасында төрт ірі қарулы қақтығыс орын алды. Бұл келісімдер Египет пен Израильге өзінің басты мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік берді: Египет алты күндік соғыс кезінде 1967 жылы Израильмен басып алынған Синай түбегін өз бақылауына алды және Израиль алғаш рет араб мемлекеті тарапынан ресми мойындалды (араб мемлекеттерінің жауап реакциясы негативті болды). А. Садат пен М. Бегин Кэмп-Дэвид келісімдеріне қол жеткізгені үшін 1978 жылғы Нобель сыйлығының иегері атанды. Вашингтонда 1979 жылдың 26 наурызында Кэмп-Дэвид келісімдерінің негізінде Египет-Израиль бейбіт шартына қол қойылды, ал Палестинаның Британдық мандаттық аумағының шекарасында Египет-Израиль шекарасы орнатылды.

А. Садаттың Израильмен қарым-қатынасты сепараттық реттеуге бағытталған саясаты және оның Палестина арабтары үшін мемлекеттік егемендікке құқығын мойындаудан бас тартуы Египетпен дипломатиялық қарым-қатынасты үзген араб мемлекеттерінің көпшілігімен айыпталды; Египет Араб мемлекеттерінің лигасынан шығарылды. Кэмп-Дэвид келісімдерінің жасалуы 1981 жылдың 6 қазанында "Аль-Джихад аль-Джадид" ("жаңа джихад") мұсылман экстремистік тобының мүшелері А. Садатты өлтірудің себептерінің бірі болды. Картердің 1980 жылғы сайлаудағы жеңілісі көбінесе ішкі саясатта сәтсіздіктермен байланысты болса да, оның Кэмп-Дэвид және Панама арнасы туралы шарт сияқты жоғары деңгейдегі дипломатияға белсенді қатысуы оның назарын және энергиясын ішкі проблемалардан аландатқаны сөзсіз. Бегин депрессиядан және әйелінің өлімінен кейін премьер-министрдің өкілеттігін доғару туралы шешімге келді [5].

Егер осы екі саммитті салыстыратын болсақ, ең алдымен осы саммиттердің ауқымын қарастыруымыз керек. Біздің ойымызша, Ялтаның ауқымы Кэмп-Дэвидпен салыстырғанда әлдеқайда кең болды. Әрине, Кэмп-Дэвид саммиті Таяу Шығыс мәселесін шешті және кем дегенде соғысты тоқтатты, Египет және Израиль бейбітшілікке келісті және бір-бірін мойындады. Бірақ Ялта көлемі бойынша бәрібір ауқымды болды. Өйткені, біріншіден, көптеген халықаралық мәселелер талқыланды. Бұл саммитте Кэмп-Дэвид сияқты Таяу Шығыс ғана емес, Кеңес Одағының болашақ аумағы, бүкіл Еуропа, Қиыр Шығыс және Солтүстік Американың тағдыры шешілді. Бұл жағдайда Ялта конференциясы халықаралық істерде жетекші болды деп айтуға негіз бар.

Сондай-ақ, біз екі саммитті өткізу уақытын қарастыруымыз керек. Кэмп-Дэвид келісімдері 1973 жылғы соғыстан кейін өткізілді және барлық жағдай штаттардың көшбасшыларына (бұл жерде әлем басшыларына) белгілі болды. Садат бітімнің бастамашысы болды, ол осы соғысты аяқтау және Мысырға тиесілі аумақты қайтарып алу үшін Кнессетке баратынын жариялады. Бірақ Ялта, өз кезегінде, екінші дүниежүзілік соғыс әлі аяқталмаған кезеңде болды, сондықтан да, олар фашистік Германия мен жақтастарын толық жойғаннан кейін үміттер және жоспарларды айқындап қойса да, барлық жоспарлар айқын болды деуге келмейді. Соғыстың аяқталатын дәл күні мен айы белгісіз, Черчилль

және Рузвельт оны 1946 жылға жоспарлады. Ал Кэмп-Дэвид саммиті болса, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Британ империясының шешімдері салдарынан Палестина мандатын еврейлер үшін екінші үй етіп жасаудан басталды және осы оқиғадан кейін Таяу Шығыстағы ең алғашқы бітім келісімі жасалды. Ялта Тегерандық конференциядан кейін өтті, онда шешім бойынша екінші блок ашылды және Рузвельт, Черчилль мен Сталиннің құпия кездесулері осы саммиттен бұрын да өткен болатын.

Егер іске асырылмаған мәселелер туралы айтатын болсақ, олар көп жағдайда ұқсас болып келеді. Тіпті Кэмп-Дэвидте Египет және Израиль мәселелері қаралса да, басты мәселе Палестина және Батыс Иерусалимде, Иорданияда және Газа секторында қоныстанған босқындар туралы мәселе болуы тиіс еді. Бірақ Бегин Палестина либералды ұйымының өкілдерімен сөйлескісі келмеді және Египеттен өзге, басқа араб елдерінің бірде-бір өкілі болмады. Бұл араб елдерінің арасындағы қырғи-қабақ қатынастың бір шетін көрсетті деуге болады.

Ялта конференциясында Франция талқылау саласынан тыс қалды. Франция өкілі Шарль де Голль конференцияға қатыса алмады және тіпті оны шақырмады. Өйткені Францияны сол уақытта нацистік Германия басып алды. Черчилль, француз Голль конференцияның имиджін бұзуы мүмкін, ол ұлтшыл деп түсіндірді. Олардың арасында тек ағылшындар Франция тақырыбын көтерді, қалғандары да оларды нацистерден босатуға асықпады. Сталин тек Шығыс Еуропа мен Польша туралы ойлады, ал Рузвельт Біріккен Ұлттар Ұйымын құру туралы идеяларды ғана ойластырды және Еркін Еуропа декларациясын қоспағанда, Еуропаның проблемаларына қызықпады [6].

Барлық талаптардың арасында Кэмп-Дэвидтегі ең маңызды проблемалық мәселе Израиль аумағы болды. 1967 жылғы 22 қарашадағы Біріккен Ұлттар Ұйымының 242 қарарына сәйкес, 1967 жылғы алты күндік соғыс барысында басып алынған аумақ Израиль аумағы деп танылмаған және Біріккен Ұлттар Ұйымы оларды қарардың бірінші тармағы бойынша қайтаруды сұрады. Бұл Бегиннің наразылығын тудырды және ол келісімдердің американдық жобаларын қабылдаудан бас тартты. Картер Бегинмен және Садатпен барлық істерде делдал болған, ол бір-бірімен ортақ талқылауларға жол бермеді және жасамады. Садатқа жоба бойынша Палестина туралы мәселе ұнамады, Бегин Израильде арабтарды танудан үзілді-кесілді бас тартты және бұл соңғы күні Кэмп-Дэвид Садатты тастап кетуге шешім шығарды. Ол кетпесе де және Джимми Картер оның жағын қабылдаса да, ол дипломатиядан гөрі дұшпандық агрессияны көрсетті.

Ал Ялта конференциясы мұндай жағдайда өтпеді. Бұл кезесуде Картер сияқты делдал болмады, себебі үш адам да осы саммиттегі «ойыншылар» болды. Үш мемлекет басшысы өзінің дайын талаптарымен келді, ал Бегин саммитке дайындықсыз келеді. Мүмкін, оның себебі Бегиннің жоғалтатын нәрсесі жоқ еді, Садатқа дұшпандық қарым-қатынастардың аяқталуын қою керек болды. Қырым конференциясында талқыланған әскери-саяси мәселелер шеңбері өте кең еді. Конференцияда қабылданған шешімдер соғыс аяқталуын жеделдетуге және соғыстан кейінгі әлем тәртібіне үлкен әсер етті.

Конференция барысында үш державаның (Ялта конференциясы) басшылары ынтымақтастыққа, өзара түсіністік пен сенімге ұмтылысын көрсетті. Әскери стратегия және коалициялық соғысты жүргізу мәселелерінде бірлікке қол жеткізілді. Еуропадағы және Қиыр Шығыстағы одақтас армиялардың күшті соққылары бірлесіп келісіліп, жоспарланды. Сондай-ақ Кэмп-Дэвид пен Садатта, Бегин Картерге Таяу Шығыс мәселелерін шешетініне сенім білдірді, келісімдер екі елдегі адамдарға да жақсарады және өңірлік бейбітшілік пен тұрақтылыққа ең қауіпті қауіп-қатерді жойды.

Ялта саммитін дайындау жоспарына қарасақ, Чемберлен саммитінен әлдеқайда жақсы жоспарланған. Мюнхен табысты саммит болып саналмады, бірақ Ялтада француз көшбасшысы Одақтық бақылау кеңесінде болуы тиіс еді, дегенмен, 1938 жылғы Мюнхеннен қарағанда әлдеқайда жақсы ұйымдастырылған, және көшбасшылар көптеген

негізгі тармақтарда ойлары бір жерден шықты. Кэмп-Дэвид Америка Құрама Штаттарының тарихындағы ең жақсы дайындалған саммиттердің бірі болды. Олар тіпті Кэмп-Дэвид коттеджінде құпия келіссөздер жүргізу үшін барлық бұқаралық ақпарат құралдарын сыртқа шығару сияқты шағын ұсақ-түйекті де ұйымдастырды.

БАҚ үшін барлық ақпаратты Картер әкімшілігі кезінде Ақ үйдің хатшысы Джоди Пауэлл ұсынды. Ялта саммиті құпия өтті, ол соғыс кезінде болғандықтан ешкім одақтастардың жоспарын біле алмауы үшін Қырымға журналистерді шақырмады. Әрбір тарап ресми пікірталасты түсіру үшін фотографтарға ғана рұқсат берді. Ялта және Кэмп-Дэвидке ұйымдастырушылар шамамен бір-екі ай дайындалған.

Қорыта келгенде, Ялта және Кэмп-Дэвид саммиттері әлемдік тарихқа түбегейлі бетбұрыс жасады деуге болады. Кэмп-Дэвид келісімдері Мысыр президентін өлімге итермелесе де, Мысыр-Израиль қарым-қатынастарына жол ашылды, алғашқы қадам жасалды. Кэмп-Дэвид келісімі Кэмп-Дэвид II-ге алып келді, онда 1979 жылғы 26 наурызда Египет-Израиль бейбіт шартына қол қойылды; Египет-Израиль шекарасы Палестинаның Британдық мандаттық аумағының шекарасын бойлай орнатылды. ХХІ ғасырдағы ең өзекті мәселелердің бірі Палестинаның территориялық жағдайы бұл саммиттен кейін де әлі күнге дейін шешімін тапқан жоқ. Ялта конференциясынан кейін екінші дүниежүзілік соғыс аяқталды, бұл бүкіл әлемді өзгертіп, бүгінгі тарихты қалыптастырған Потсдам конференциясына әкелді.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. David Reynolds “Summits: Six Meetings that shaped the twentieth century”.Website, Retrieved from Google Books, 12 March 2020: [https://books.google.kz/books?id=qwM5DgAAQBAJ&pg=PT3&lpg=PT3&dq=Lincoln+Journal+Star++david+reynolds&source=bl&ots=hlgj\\_ZESkn&sig=ACfU3U2UqXadtgDtK7y5UnVniBm5bR\\_JAw&hl=en&sa=X&ved=2ahUKEwi2ydTkILHoAhXJwosKHS0A1UQ6AEwAHoECAkQAQ#v=onepage&q=Lincoln%20Journal%20Star%20%20david%20reynolds&f=false](https://books.google.kz/books?id=qwM5DgAAQBAJ&pg=PT3&lpg=PT3&dq=Lincoln+Journal+Star++david+reynolds&source=bl&ots=hlgj_ZESkn&sig=ACfU3U2UqXadtgDtK7y5UnVniBm5bR_JAw&hl=en&sa=X&ved=2ahUKEwi2ydTkILHoAhXJwosKHS0A1UQ6AEwAHoECAkQAQ#v=onepage&q=Lincoln%20Journal%20Star%20%20david%20reynolds&f=false)
2. David Reynolds “Summits: Six Meetings that shaped the twentieth century” // Basic Books-A Member of the Perseus Books Group, 2007 New York, 577p., p.103-161 ISBN: 978-0-465-06904-0
3. Edward J. Rozek “Allied Wartime Diplomacy: A pattern in Poland” // New York · John Wiley & Sons, INC. London · Chapman & Hall, Ltd., 1958, 481p, p.338
4. Lawrence Wright “Thirteen Days in September: The Dramatic Story of the struggle for peace” // Vintage, 2015 New York, 464 p., p.151-155 ISBN-10: 0804170029
5. Kenneth W. Stein “Heroic Diplomacy: Sadat, Kissinger, Carter, Begin and Quest for Arab-Israeli Peace” // Basic Books-A Member of the Perseus Books Group, 1999 New York-London, 360 p., p.250
6. L. Lanny Leonard “International Organization”: The Yalta Conference// McGraw Hill Company, INC., first edition 1951, New York Toronto London, 630p, p.49